

Ақтөбе облыстық арнайы «мекетеп – интернат – колледж» кешені ҚММ



Бекітемін

Директор

П.К.Шакенова

«Сымбат» қыздар клубының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс жоспары

Жетекші: Смағұл А.Б

«Сымбат» қыздар клубының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Өткізілу түрі	Жауапты
1	«Қыздарға кеңес»	Қыркүйек	Пікір алмасу	Смағұл.А
2	«Феминизм дегеніміз не?»	Қазан	Тәрбие сағат	Смағұл.А
3	«Білімді болу – жарқын болашақ кепілі»	Қараша	Дөңгелек үстел	Смағұл.А
4	«Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет»	Желтоқсан	Іскерлік сағаты, жарыс	Смағұл.А
5	«Ақшаны жұмсауды үйренеміз»	Қаңтар	Шығармашылық сағаты	Смағұл.А
6	«Мен қалай дұрыс өмір сүремін?»	Ақпан	Психологиялық кеңесу	Смағұл.А
7	«Ұлттық мәдениет – ұлттық киімдер»	Наурыз	Пікір алмасу	Смағұл.А
8	«Кейіпін бір болғанымен – ішкі дүниенің бір бөлек әлемі»	Сәуір	Тәрбие сағат	Смағұл.А
9	«Сымбат» қыздар клубының жылдық қорытындысы.	Мамыр	Есебі	Смағұл.А

«Келісілді»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

В.С.Габитова

«Сымбат» қыздар клубының негізгі мақсаты:

Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ қызының бейнесін қалыптастыру және мектеп білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.

«Сымбат» қыздар клубының негізгі міндеттері:

Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;

ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;

кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;

сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;

қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;

болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;

салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;

үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

«Сымбат» қыздар клубының ұстанымдары

- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени, ұлттық құндылықтарын сақтау, тән саулығын, саламатты өмір салтын ұстануға баулу, адамгершілік және рухани дамыту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;

- қыз қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, өткен тарихымызды білуге, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, отан сүйгіштікке тәрбиелеу;

- мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы үшін үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру. Әдеп пен сыпайылық, ибалық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату;

- үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, күзіретті қызды қалыптастыру

«Сымбат» қыздар клубының мүшелері

Класс	Оқушылардың аты-жөні	Туылған жылы	Мекен -жайы
7а	Жуломанова Сабина Арсеновна	13.08.2011	Ақтөбе қаласы, Қарғалы, Нұр-Сити 5В-206
7а	Канатова Динара Мұратбекқызы	20.11.2010	Ақтөбе қаласы, м-кр. Нұр-Сити 15-113
7б	Капинос Софья Денисовна	26.11.2010	Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 136/2
8а	Алиева Айдана Есенгельдиевна	15.06.2010	Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 22, 103пәт.
8ә	Мақсатқызы Жәнісгүл (КИ)	10.05.2010	Ақтөбе қаласы, Уәлиханов к- сі, 26-42
8ә	Сатыбалды Аянат Қанатқызы	25.03.2009	Ақтөбе обл., Әйтеке би ауданы, Теренсай ауылы
8б	Аманғосқызы Қамарсұлу	24.03.2010	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құмтоғай ауылы, О.Құдайбергенов көшесі, 10, 1 пәтер
8б	Костромина Эльвира Евгеньевна	13.06.2009	Ақтөбе қаласы, Есет-Батыра көшесі, 73а/кв5
9а	Когисова Аружан Әділгерейқызы	31.08.2008	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дон селосы, Байғанин көшесі, 27-8
9а	Наурызбаева Адель Нурлановна	31.05.2009	Алматы об., Наурызбай ауданы, С.Жүнісов14
9б	Зарлихан Аяна Сабиржановна	12.08.2009	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 90, 31 пәт.
10а	Сембі Жасмин Жасланқызы	15.07.2008	Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, 1 мамыр көшесі, 87
10а	Нағметжан Ақкенже Кенжебайқызы	25.09.2007	Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, Ж.Жабаев көшесі, 74/1
101	Мажитова Айшабибі	03.05.2007	Атырау об., Индер ауданы, Майдырова к.1а
102	Аманқос Феруза Айдосқызы	15.04.2007	Атырау об., Жылой ауданы, Құлсары қ., Ақкіізтоғай 48
102	Жакупова Мархабат Нұрланқызы	29.05.2004	Атырау об., Мақат ауданы, пос Доссор, Абілхан Мантайев 193 үй, 11 пәтер
102	Жиенеева Диляра Дастановна (КИ)	12.11.2007	Ақтөбе қаласы, Заречный ауылы, Геолог-4, уч.6
201	Мырзабаева Қарақат Амантайқызы	15.01.2005	Арал қаласы, Бегім ана 12 үй

202	Тұрарова Наргиз Бердібекқызы	08.08.2006	Ақтөбе қаласы, 8 наурыз көшесі, 18\2
202	Бекмуратова Бахытжан Рахимжанқызы	03.09.2006	Ақтөбе об., Алға қаласы, Сейфуллин к., 22, 45пәтер
202	Муратова Алина Берікболқызы	25.06.2008	Қызылорда қаласы. Мкр Мерей13, 22 пәтер
203	Калачева Александра Павловна	03.12.2005	Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 11-537
203	Абилкайырова Әсия Самыгуллақызы	21.01.2003	Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Арай-2, 15-31

Мәлімдеме

Тақырыбы: «Феминизм»

Мақсаты: Феминизм туралы ақпарат бере отырып ой өрістерін кеңейтіу. Қоғамдағы әйел мен ер адамның теңдігін және әйел адамның өзіндік әлеуметтік рөлін түсіндіру.

2023 жылдың 23 қазан- күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат- колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді.Тақырып «Феминизм» туралы болды,жиналыс барасында алдымен феминизм туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында сұрақ-жауап алынды.Сонымен қатар «Шатасқан әріптер» ойыны берілді,бұл ойын арқылы жианалыстың тақырыбын анықтадық.Феминизм жайлы слайд,видео көрсету арқылы толық ақпарат жеткізілді.Сергіту сәті ұйымдастырылды,бұл сергіту сәтінің мақсаты жаман және жақсы сезімді сезініп көру болды.Кері байланыс орнату мақсатында «Пазлды құрастыр» атты ойыны болды.Пазлды құрастыра отырып жасырылған сұрақтарға тақырып бойынша жауап беру.Көңіл күй сыйлау үшін «Кім жылдам»ойыны ұйымдастырылды ,ойын барасында сыйлық жасырылған қораптарды аса жылдапдықпен ашу тапсырылды.Жиналысты қорытындылау мақсатында «Мерген» ойыны ұйымдастырылды, нысанадағы шарды көздеп жару арқылы ,шар ішінде жасырылған сұраққа жауап берді.Жалпы жиналыс нәтижесінде қыздардың «Феминизм» ұғымымен алғаш танысуы болды және көп ақпарат ала білді.





Мәлімдеме

Тақырыбы: « Білімді болу – жарқын болашақ кепіл »

Мақсаты: Білім деңгейлерін арттыру.Ұйымшылдыққа,татулыққа ,бірлесе жұмыс жасауға баулу.

2023 жылдың 25 қараша- күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат- колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді.Тақырып «Білімді болу - жарқын болашақ кепілі» туралы болды,жиналыс барысы жарыс түрінде яғни «Тез тап» атты логоикалық сұрақтардан құралған ойындар ретінде өткізілді.Жалпы сайыс 5 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде түрлі тапсырмалар ұсынылды.3 топ құрылды,әр топта төрт адамнан тұрды.Бірініші кезең «Пазл» танымал адам немесе тұлғалардың бейнесін құру.Екінші кезең «Жасырын сөздер» орындары алмастырылған сөздерді табу.Үшінші «Дұрыс сөзді тап» бұл кезеңде сөздерді құрау.Төртінші кезең «Ребус» арнайы қағазға шығарылған суреттерден жасырылған сөздерді табу.Бесінші кезең «Шатасқан» суреттер.Әр түрлі бейнедегі суреттерді тауып атауын жазу қажет.Жалпы сайыс есту мүмкіншілігі жоқ оқушылардың жазу және сөздік қорларын тексеру ,оларды дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Оқушыларды жылдамдыққа,уақыт мөлшерінесай әрекет ете білу яғни тез ойларын жинақтай білуге, қасындағы жолдастарымен санасуға,достық қатынасты нығайтуға негізделді.Жарыс талабына сай жеңімпаздарда марапатталды.



Мәлімдеме

Тақырыбы: «Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет»

Мақсаты: Қыз балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді, ата-баба өсиетін түсіндіру, олардың бойына ізеттілік, инабаттылық, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін сіңіру.

2024 жылдың 15 желтоқсан күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді. Тақырып «Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет» туралы болды, жиналыс барысы дөңгелек үстел форматында жүргізілді, пікірталас және сұрақ – жауап қойю арқылы тақырыпты аша түсті.

Дөңгелеке үселде қозғалған тақырыптар қыз баланың тәрбиесі туралы қазақ дәстүрлеріне шолу (тәрбие, инабаттылық, ар-ұят, үлкенге құрмет, кішіге ізет), әжелер мен аналардың қыздарға айтқан өсиеттері (мысалы, Ұмай ана, Домалақ ана сияқты тұлғалардың тәрбиесі), Қыз баланың әдебі мен мәдениеті (киім кию әдебі, сөйлеу мәдениеті, жүріс-тұрыс мәнері). Қыз баланың қолөнерге, ұлттық тағам әзірлеуге деген икемділігі жайлы кеңінен талқыланды. Ұлттық дәстүрлерге байланысты сұрақ-жауап, викторина болды. Қорытындылай келе «Қыз өссе – елдің көркі» атты шағын эссе немесе шығармашылық жұмыс ұсынылды. Жасалған бұйымдарды Наурыз мерекесіне орай мектепішлік көрсеге қою ұсынылды.



Мәлімдеме

Тақырыбы: «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»

Мақсаты: Оқушыларға ақшаны дұрыс жұмсау және үнемдеу туралы түсінік беру. Табыс, шығыс, қажеттілік пен қалау арасындағы айырмашылықты түсіндіру. Қаржылық жауапкершілікті қалыптастыру.

2025 жылдың 15 қаңтар күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді. Тақырып «Ақшаны жұмсауды үйренеміз» туралы болды, жиналыс барысы дөңгелек үстел форматында жүргізілді, пікірталас және сұрақ – жауап қойю арқылы тақырыпты аша түсті. Қозғалған мәселелер легі студенттер мен оқушыларға «Ақша не үшін қажет?» деген сұрақ қойып, ой қозғалды, ақша жұмсау туралы қысқа бейнеролик көрсетілді, ақшаны үнемдеу және дұрыс жұмсау туралы ақпарат берілді. «Қажеттілік пен қалау» ойыны (оқушыларға әртүрлі заттардың суреттері беріледі, олар қажеттілік пен қалау деп екіге бөледі). Ойын мақсаты өзіне керек дүниенің қажет немесе аса қажет еместігін ажырата білу. Тақырыпқа сәйкес ақпарат беріліп, кері байланыс жасалды. Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Қорытындылай келе бір апта бойы шығыстарын жазып, талдау жасау.




Мәлімдеме

Тақырыбы: «Мен қалай дұрыс өмір сүремін»

Мақсаты: Денсаулық күтімін,ерте жыныстық қатынасқа түсудің,жыныстық аурулардың алдын алу.

2025 жылдың 3 ақпан күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп- интернат- колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді.Тақырып «Мен қалай дұрыс өмір сүремін» туралы болды,жиналыс барысы дөңгелек үстел форматында жүргізілді, пікірталас және сұрақ – жауап қойю арқылы тақырыпты аша түсті.Қозғалған мәселелер легі ерте жыныстық қатынас,жыныстық қатынас салдарынан болатын ауру түрлері,қыз баласының денсаулық күтімі жөнінде болды.Тақырыпқа сәйкес ақпарат беріліп,кері байланыс жасалды.Қыздар арасындағы тәртіпсіздіктер мен келіспеушіліктің алдын алу , мінездегі өзгерістер,татулық,денсаулық жағдайларындағы өзгерістер немесе қиыншылықатар туралы талқыланды.



Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп -интернат-колледж» кешені КММ

Мәлімдеме

Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет-ұлттық киімдер»

Мақсаты: Қазақ халқының бай мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып саналатын ұлттық киімдердің тарихи, рухани және эстетикалық мәнін қыздар қауымына түсіндіру, оларды ұлттық киімдерді тануға, құрметтеуге және заманауи өмірде ұтымды қолдануға баулу. Сонымен қатар, жастар арасында ұлттық сана-сезімді нығайту, ұлттық болмыс пен қазақи талғамды дәріптеу арқылы мәдени бірегейлікті сақтауға ықпал ету.

2025 жылдың 17 наурыз күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп- интернат-колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді.Тақырып «Ұлттық мәдениет-ұлттық киімдер » туралы болды,жиналыс барысы дөңгелек үстел форматында жүргізілді, пікірталас және сұрақ – жауап қойю арқылы тақырыпты аша түсті.

Біз, қыздар жиналысының қатысушылары, ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен дәріптеу жолында бірлесе әрекет ету қажеттігін түсіне отырып, өз мәдениетіміздің көрінісі болып табылатын ұлттық киімдерді ұлықтауды мақсат етеміз.Ұлттық киім – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Оның әрбір өрнегі мен кестесінде ата-бабамыздың даналығы, талғамы мен рухани байлығы көрініс табады. Осы киімдерді тану, кию және насихаттау – біз үшін зор мақтаныш әрі жауапкершілік.Ұлттық киімдерді тек мерекелік емес, күнделікті өмірге де енгізу туралы ұсыныстарды қолдаймыз;Қазақи нақыштағы сән үлгілерін дамытуға атсалысуға дайынбыз;Ұлттық киімді құрметтеу арқылы жастар арасында ұлттық сана мен отансүйгіштікті нығайтуды басты мақсат деп білеміз.Біз, заманауи қазақ қыздары, ұлттық болмысымызды жоғалтпай, оны жаңа деңгейге көтеруге, мәдени мұрамызды әлемге танытуға белсенді түрде үлес қоса береміз!

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп -интернат-колледж» кешені КММ

Мәлімдеме

Тақырыбы: «Кейіпің бір болғанымен – ішкі дүниең бір бөлек әлем»

Мақсаты: Қыз бала тәрбиесіндегі рухани, мәдени және психологиялық дүниелерді талқылау арқылы бойжеткендердің ішкі жан дүниесіне үңілу, өзін-өзі тану, өз-өзіне деген сенімді арттыру, сана-сезімі мен болмысын дамыту. Қыздардың сырт келбеті мен ішкі жан дүниесінің үндестігіне мән беру арқылы тұлғалық дамуына жол ашу.

2025 жылдың 11 сәуір күні Ақтөбе облыстық арнайы мектеп- интернат-колледж кешенінде 7-10 сынып және колледж студенттері арасында қыздар жиналасы өткізілді.Тақырып «Кейіпің бір болғанымен – ішкі дүниең бір бөлек әлем » туралы болды,жиналыс барысы дөңгелек үстел форматында жүргізілді, пікірталас және сұрақ – жауап қойю арқылы тақырыпты аша түсті.

«Кейіпің бір болғанымен, іші әлемің бір бөлек» атты қыздар жиналысының қатысушылары, қыз бала болмысының сырт келбетпен ғана емес, ішкі жан дүниемен де тығыз байланысты екенін терең түсіне отырып, бүгінгі кездесуде өз-өзімізді тануға, рухани өсуге және тұлғалық дамуға қадам жасадық.Қыз бала – қоғамның, ұлттың айнасы. Оның ішкі жан дүниесі тыныш, сенімді және мейірімге толы болса, болашақ та жарқын болмақ. Сыртқы сұлулық – уақытша, ал ішкі әлемнің байлығы – мәңгілік құндылық. Біз осыны терең ұғыну арқылы өзімізге деген сенімділікті арттырып, бойымыздағы ізгі қасиеттерді дамытуды мақсат етеміз.

Жиналыс барысында төмендегі мәселелер қамтылады:

- Қыз бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың орны;
- Сырт келбет пен ішкі мәдениеттің байланысы;
- Өзін-өзі бағалау мен ішкі жан тыныштығының маңызы;
- Қыз баланың заманауи қоғамдағы рөлі;
- Өзін-өзі дамыту, армандар мен мақсаттар туралы еркін пікір алмасу.

Міндеттері:

- Қыздарға рухани және моральдық қолдау көрсету;
- Ішкі жан дүниеге үңілу, эмоциялық интеллектті дамыту;
- Өзара сенімділік, сыйластық пен ашықтықты қалыптастыру

"Сымбат" қыздар клубының 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есебі.

Қыз балаларға ұлттық тәрбие беру, тұлғалық даму мен жауапкершілікке баулу, қоғамдағы өз рөлін түсінуіне жол ашу, өмірлік маңызы бар тақырыптарда бағыт-бағдар беру.

2024–2025 оқу жылында "Сымбат" қыздар клубының ұйымдастыруымен бірқатар мазмұнды іс-шаралар өткізілді. Әр айда қыздардың бойына рухани, ұлттық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құндылықтарды сіңіретін, өмірге деген көзқарастарын кеңейтетін түрлі бағыттағы кездесулер мен тәрбиелік сағаттар ұйымдастырылды.

Қыркүйек айы

Тақырып: *Қыздарға кеңес: Ерте жүктіліктің алдын алу*

Бұл айда қыздармен ерте жүктіліктің зияны мен салдары туралы ашық әңгіме өткізілді. Жиналыс барысында арнайы мамандар шақырылып, қыз баланың өз денсаулығы мен болашағына жауапкершілікпен қарауы керектігі кеңінен түсіндірілді. Қатысушылар тақырыпқа қатысты өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Іс-шараның басты мақсаты – жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің салдары мен оның алдын алу жолдары жайлы түсіндіру, болашақ өмірге деген жауапкершілік сезімін ояту. Жиналыс барысында оқушыларға физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыда ерте жүктіліктің зияны кеңінен түсіндірілді. Мектеп психологы, медбике қатысуымен қыздармен ашық диалог жүргізіліп, нақты мысалдар келтірілді. Қатысушылар "Өмірлік таңдау", "Жауапкершілік пен ар-ұят" секілді бөлімдер бойынша өз ойларын ортаға салды. Қыздарға өз денсаулығын сақтау, өз болашағын жоспарлау, махаббат пен отбасы құндылықтарына құрметпен қарау сынды маңызды ұстанымдар түсіндірілді. Сонымен қатар, бұл тақырыптың мектеп жасындағы қыздар үшін аса өзекті екендігіне ерекше назар аударылды. Жиналыс тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды әрі ашық түрде өтті. Қыздар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты әрі сенімді жауаптар алды.

Қазан айы

Тақырып: *Феминизм дегеніміз не?*

Бұл кездесуде феминизм ұғымына тереңірек тоқталып, оның тарихы, бағыттары және қазіргі қоғамдағы рөлі талқыланды. Қыздар еркін ойларын айтып, қоғамдағы әйелдердің орны туралы өз көзқарастарын білдірді. Тақырып аясында пікірталас алаңы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты — оқушы қыздарға феминизм ұғымының мәнін түсіндіру, оның тарихи негіздері мен қазіргі қоғамдағы рөлін зерделеу, қыз балаға тән құндылықтарды сақтай отырып, өз құқықтарын қорғауға бағыттау. Жиналыс барысында феминизм ұғымының шығу тарихы, алғашқы толқындары, қазіргі заманғы әйел құқықтары және қоғамдағы әйелдің орны туралы кеңінен ақпарат берілді. Қыздармен бірге "феминизм — бұл ерлерге қарсы қозғалыс па?", "әйел теңдігі мен әйел жауапкершілігі", "заманауи қыздың бейнесі қандай болуы керек?" деген секілді сұрақтар төңірегінде пікір алмасу жүргізілді.

Іс-шара интерактивті форматта өтті. Қатысушылар өз ойларын ашық айтып, қоғамдағы әйел бейнесі мен рөлі туралы көзқарастарымен бөлісті. Топтық жұмыс кезінде оқушылар әйел құқығын қорғауға қатысты жағдаяттарды талдап, нақты шешімдер ұсынды.

Қараша айы

Тақырып: *Білімді болу – жарқын болашақ кепілі*

Интеллектуалдық жарыс өткізілді. Жарыс жеті кезеңнен тұрды: логикалық сұрақтар, тарихи білім, әдебиет, ғылым, тіл мәдениеті, өнер және қазіргі заманғы таным. Бұл іс-шара қыздардың білімін тереңдетіп, ойлау қабілеттерін шыңдауға үлкен үлес қосты. Жеңімпаздар марапатталып, арнайы сертификаттар табыс етілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қыздардың білімге деген қызығушылығын арттырып, өмірде жетістікке жету үшін білімнің маңызды рөлін көрсету.

Жиналыс барысында білімнің адам өміріндегі орны мен маңызы кеңінен талқыланды. Оқушыларға өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, әртүрлі салада табысқа жету үшін білім алу қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар, жиында білім алу мен өмірдегі мақсаттарға жету жолындағы кедергілер туралы да сөз қозғалды. Қыздарға білімнің тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыда да маңызды екені айтылды.

Жиналыс соңында қатысушыларға білімді болудың өмірдегі барлық жетістіктердің негізі екендігі туралы мотивациялық сөздер айтылып, әрбір қыздың өз білімін үздіксіз арттыруға ұмтылуы керектігі жөнінде кеңес берілді.

Желтоқсан айы

Тақырып: *Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет*

Дөңгелек үстел форматында өткен іскерлік сағатта ұлттық салт-дәстүрлер, қыз тәрбиесіндегі ата-баба өнегесі кеңінен талқыланды. Қыздар өз отбасындағы дәстүрлермен бөлісіп, рухани бай мұрамыз жайлы пікір алмасты. Бұл шара жастар бойында ұлттық рухты нығайтты.

Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қыздар арасында насихаттау, қазақ халқының рухани мұрасын қадірлеу және сол мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Жиналыс барысында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері, әсіресе қыз бала тәрбиесіне қатысты маңызды тұстары туралы кеңінен сөз болды. Бабаларымыздан қалған асыл мұралар – отбасы мен қоғамдағы сыйластық, еңбекқорлық, адалдық және ұлттық құндылықтарды қадірлеу қажеттілігі қыздармен талқыланды. Әрбір дәстүрдің тарихи маңызы мен оның қазіргі заманға сай жаңғыртылу қажеттілігі туралы айтылды.

Іс-шараның ерекше бөлігі ретінде дөңгелек үстел форматында қыздар өз отбасындағы дәстүрлермен бөлісіп, ұлттық тәрбиенің маңызын ашып көрсетті. Сонымен қатар, бұл кездесуде жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты тәрбиелеуге, өз тарихын білуге және сол тарихты жалғастыруға деген ынтасын арттыру мақсатында арнайы баяндамалар тыңдалды. Қыздар ұлттық музыка мен қазақ халқының дәстүрлі киімдерін таныстырып, ұлттық өнердің бір бөлігі ретінде танылды. Сонымен қатар, ұлттық тағамдар жайлы да әңгіме өрбітіліп, ұрпақтың дәм мәдениетін сақтап, болашаққа жеткізу үшін әрбір қыздың жауапкершілігі айтылды.

Қаңтар айы

Тақырып: *Ақшаны жұмсауды үйренеміз*

Шығармашылық сағат түрінде өткен бұл кездесуде қыздарға қаржылық сауаттылық жайлы түсінік берілді. Қаржыны дұрыс жоспарлау, жинақ жасау, қажеттілік пен қалау арасындағы айырмашылықты ажырата білу туралы мысалдар келтірілді. Қыздар шағын ойындарға қатысып, өз бюджеттерін жасауға тырысты.

Бұл іс-шараның мақсаты – жасөспірім қыздарға қаржылық сауаттылықты арттыру, ақшаны дұрыс жоспарлау мен басқару дағдыларын қалыптастыру болды. Жастар арасында ақшаның құндылығын түсіндіру, оны қажетсіз жұмсаудан сақтандыру және қаржылық тәуелсіздіктің негіздерін меңгерту өте маңызды.

Жиналыс барысында оқушыларға ақшаны дұрыс жұмсаудың негіздері түсіндірілді. Мамандар тарапынан бюджетті жоспарлау, үнемдеу, қаржылық мақсаттарды қою және ақша жинаудың маңызды аспектілері жайлы сөз қозғалды. Сонымен қатар, қаржылық тәуелсіздікке жетудің жолдары туралы да нақты кеңестер берілді. Іс-шара барысында қыздар өз тәжірибелерімен бөлісіп, ақшаны үнемдеу жолдары туралы пікір алмасып, топтық жұмыстарда қаржылық мақсаттар мен бюджет жасау жаттығуларын орындады. Қыздарға жеке қаржылық жоспарларын құру үшін практикалық тапсырмалар берілді, олар өздерінің табыстарын, шығындарын, жинақтарын есепке алып, үнемдеудің түрлі жолдарын іздестіру арқылы қызығушылық танытты.

Ақпан айы

Тақырып: *Мен қалай дұрыс өмір сүремін?*

Психологиялық кеңесу өткізілді. Қыз балалармен өмірлік құндылықтар, мақсат қою, өзін-өзі бағалау, дұрыс шешім қабылдау жолдары талқыланды. Психолог маманмен кездесіп, қыздар көкейлеріндегі сұрақтарына жауап алып, пайдалы кеңестер алды.

Бұл іс-шараның мақсаты — қыздар арасында өздерін дұрыс түсініп, өмірде дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту, эмоционалдық интеллектті арттыру және өз-өзіне деген сенімділік пен жауапкершілік сезімін ояту болды.

Кездесу барысында психология маманы өмірдегі дұрыс таңдау жасау, стресске қарсы тұру, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі қабылдау тақырыптары бойынша кеңестер берді. Қыздар өздерінің күнделікті өміріндегі қиындықтар мен шешімдерді қалай қабылдайтыны туралы сұрақтар қойып, жеке мәселелеріне қатысты пікірлерімен бөлісті. Тақырып бойынша қыздар өз өмірлеріне қатысты сұрақтар қойып, нақты өмірлік кеңестер мен әдістер алды. "Өзіңді қалай түсінесің?", "Өмірде қандай құндылықтар сені шабыттандырады?", "Жауапкершілікті қалай сезіну керек?" деген сұрақтар төңірегінде қыздар топтық талқылау жүргізіп, бір-біріне ой бөлісті. Іс-шараның соңында қыздар психологиялық тренингтер мен жаттығулар арқылы өздеріне сенімді болу жолдарын үйреніп, ішкі тепе-теңдікті сақтап, өмірде әрқашан дұрыс таңдау жасауға бейімделді. Сонымен қатар, жиын барысында қыздарға өмірдің әр кезеңінде дұрыс мақсаттар қою және сол мақсатқа жету жолында тұрақтылық таныту қажет екендігі түсіндірілді.

Наурыз айы

Тақырып: *Ұлттық мәдениет – ұлттық киім*

Пікір алмасу форматында өткен бұл кездесуде қазақ халқының ұлттық киімдері, олардың маңызы мен ерекшеліктері талқыланды. Қыздар өз ұлттық киім үлгілерін көрсетті, ұлттық болмыс пен сән, қазіргі заман талаптары арасындағы үйлесімділік туралы қызықты сұхбат өрбіді.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – қыздар арасында қазақ халқының ұлттық киімдерін таныстырып, ұлттық мәдениеттің маңыздылығын ұғындыру, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен киімдерінің тарихи мәнін түсіндіру болды.

Іс-шара барысында ұлттық киімдердің түрлері мен олардың әрбір элементінің символикасы, жасалуы мен қолданылу ерекшеліктері туралы баяндалды. Қыздар қазақтың ұлттық киімдерінің өзіндік ерекшеліктері мен мағынасы жайлы көп мәлімет алып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Сонымен қатар, ұлттық киімдеріміздің заман талабына сай жаңғырып, бүгінгі күнде қандай мағынаға ие болуы керек екендігі жайлы пікір алмасылды. Қыздар ұлттық киімдерді таныстырып, әрқайсысы өздерінің таңдаған ұлттық киімдеріне қатысты қызықты мәліметтермен бөлісті. Олар қазақ халқының киімдерін қазіргі қоғамда қалай қолдануға болатынын, ұлттық киімдердің сәнділігі мен тарихын көрсету мақсатында арнайы мини көрсетілім ұйымдастырды. Іс-шара барысында ұлттық мәдениетке деген құрмет сезімі, ұлттық киімдерге деген сүйіспеншілік артты. Жасөспірім қыздар ұлттық киімдермен танысып, өздерінің мәдени мұрасы туралы терең ойлануға мүмкіндік алды.

Сәуір айы

Тақырып: *Кейінің бір болғанымен, ішкі дүниең – бір бөлек әлем*

Тәрбие сағаты барысында сыртқы келбет пен ішкі рухани байлықтың айырмашылығы, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін қабылдау туралы маңызды ойлар қозғалды. Қыздар ішкі жан дүниесін тануға бағытталған тренингтік жаттығуларға қатысты.

Бұл іс-шараның басты мақсаты — қыздар арасында өз-өзіне деген сенімділік пен өзін-өзі қабылдау, психологиялық сауаттылықты арттыру, сыртқы келбет пен ішкі дүниенің үйлесімін түсіндіру болды.

Жиналыс барысында қыздар өздерінің ішкі әлемін, сезімдерін, эмоцияларын тереңірек түсініп, олардың сыртқы келбетпен байланысын талқылады. Психолог маман қатысушыларға ішкі дүниені танып, өз сезімдерін дұрыс басқаруға, өзін-өзі бағалауды арттыруға бағытталған кеңестер берді. Сонымен қатар, әрбір адамның сыртқы бейнесі мен ішкі әлемінің бір-бірімен тығыз байланысты екендігі айтылды. Тәрбие сағаты кезінде қыздар психологиялық жаттығулар мен медитация арқылы өз эмоцияларын басқара білу жолдарын үйренді. Қатысушылардың пікірінше, көбінесе адамдар сыртқы келбетке көп назар аударып, ішкі дүниені ұмытып кетеді. Бұл кездесуде ішкі тыныштық пен тепе-теңдікке жету, өзін-өзі тану, өз қалауы мен эмоцияларын түсіну маңызды екендігі атап өтілді. Қыздар өздеріне деген махаббат пен құрметтің ішкі дүниенің тепе-теңдігін сақтау үшін маңызды екенін ұғынды. Іс-шара барысында қыздар бір-бірімен тәжірибе алмасып, өздерінің жеке өмірлеріндегі психологиялық қиындықтар мен оларды шешу жолдары туралы пікірлерімен бөлісті. Бұл тәжірибе қарым-қатынасты нығайтып, қыздар арасындағы сенімділік пен құрметті арттырды.

Мамыр айы

Тақырып: *Сымбат" қыздар клубының жылдық қорытындысы*

Жыл бойы атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Қыздар өз пікірлерімен бөлісіп, қандай іс-шаралар пайдалы болғанын атап өтті. Белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар, келесі жылға арналған ұсыныстар мен жоспарлар да қарастырылды.

Клубтың жылдық бағдарламасы аясында қыздар әртүрлі тақырыптарда қызықты және маңызды іс-шаралар өткізді. Олардың қатарында "Қыздарға кеңес: Ерте жүктіліктің алдын алу", "Феминизм дегеніміз не?", "Білімді болу – жарқын болашақ кепілі", "Ұлттық мәдениет – ұлттық киім", "Ақшаны жұмсауды үйренеміз" және "Кейіпін бір болғанымен, ішкі дүниенің – бір бөлек әлем" сияқты тақырыптардағы кездесулер болды. Әрбір іс-шара өз маңыздылығын дәлелдеп, қатысушылардың білімін, қызығушылығын және қоғамдық санасын арттырды. Жыл бойы клуб мүшелері түрлі дәрежедегі жарыстарға қатысып, интеллектуалды дағдыларын шыңдады. Клубта өткізілген шығармашылық сағаттар мен психологиялық кеңестер қыздардың өзін-өзі тануына, өз мүмкіндіктерін анықтауға және болашаққа деген сенімділіктерін арттыруға әсер етті. Сонымен қатар, клубтың жылдық қорытындысында болашақта жүзеге асырылатын жобалар мен жаңа бастамалар талқыланып, клубтың жұмысын әрі қарай жақсарту бағытында ұсыныстар тыңдалды.

 Қорытынды:

Сымбат қыздар клубының жылдық қорытындысы — үлкен жетістіктер мен пайдалы тәжірибелерге толы болды. Клуб мүшелері өздерінің білімдерін, дағдыларын жетілдіріп, түрлі іс-шараларға белсене қатыса отырып, болашаққа деген сенімін нығайтты. Клубтың жұмысы әрбір қатысушының тұлғалық дамуына ықпал етіп, оларды жаңа биіктерге жетелеуде маңызды рөл атқарды. Алдағы уақытта да қыздар клубы өз жұмысын әрі қарай жалғастырып, жаңа бастамалар мен қызықты жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.